

6D070300-«Ақпараттық жүйе» мамандығы бойынша
(PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған

Бисаринова Айгуль Туктиқызының

«Мегаполистің ауа бассейнінің ластануының мониторингін жасау үшін
геоақпараттық жүйені (ГАЗ) жобалаудың моделдері мен әдістерін зерттеу және
құру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ШІКІРІ

Алматы қаласында ластанған заттардың атмосферадағы концентрациясының жоғарылауы тәуліктің және жылдың кез келген уақытында ерекше байқалады. Мегаполистің тіршілігі туралы ақпараттың деңгейі мен көлемі үлкен болуына байланысты, деректерді талдау және өңдеу заманауи ақпараттық технологияның көмегімен орындалады. Бүгінгі таңда қоршаған орта туралы толық ақпарат беретін геоақпараттық технологияны пайдалану - геоақпараттық жүйе құру мәселесі туындап отыр.

Докторант Бисаринова А.Т. диссертациялық жұмыста қойылған мақсатқа жету барысында келесі нәтижелерге қол жеткізді: МЭЖМ ГАЗ-н мониторингін жобалаудың моделі құрды. Онда жедел жаңартулар және он-лайн нақты уақыт режимінде графикалық және сипаттамалық ақпаратты өңдеуі ескеріледі, ол алынған деректерді ГАЗ программалық қамтамасын құруда пайдалануға мүмкіндік береді. Геодеректерді енгізу мен өңдеуді, шығындылардың көрсеткіштерін ескеретін және олардың мегаполистің ауа бассейнінің жағдайының динамикасының талдауын жасайтын МЭЖМ ГАЗ-н құрылымы мен функционалдық алгоритмдері құрылды. Алматы қаласының нақты аумағында табиғи-климаттық факторларға және өндірістік қызметке байланысты ластанған ауа бассейнінің жағдайын on-line режимінде бағалауға мүмкіндік беретін, ауа бассейнінің мониторингінің МЭЖМ ГАЗ-н имитациялық моделі алынды. Алматы қаласының ауа бассейнінің жағдайының көрсеткішінің динамикасын бағалаудың МЭЖМ ГАЗ программалық қамтамасы құрылды.

Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері диссертацияның тақырыбына сәйкес 14 басылымдарда жарияланды, оның ішінде: нөлдік емес импакт-факторы бар 1 мақала, **ISI Web of Knowledge** және **Scopus** деректер қорына кіреді, **SJR = 0,199**, **процентиль: 45%**, **квартиль: Q3**, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда - 5 мақала; халықаралық ғылыми конференциялар жинағында 8 мақала жарияланды. Халықаралық авторлық куәлік алынды. «Геоинформационная система (ГИС) мониторинга воздушного бассейна мегаполиса» (The computer's program «The GIS – geographic information monitoring system of air basin of the metropolis») компьютерлік программасы 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № ЕС-01-001325 тіркелді. Зерттеу нәтижелері модельдер мен алгоритмдер түрінде М.Тынышпаев атындағы Қазақ

көлік және коммуникация академиясының «Есептеу техникасы және ақпараттық жүйелер» кафедрасында 2017 жылы оқу процессіне ендірілген. Диссертациялық жұмыстың нәтижелерінің УТГ «Алматы» ТОО «Азиатский Газопровод» және ТОО «Тараз Газ-Терминал» кәсіпорындарының өндірістік процессіне ендірілгені туралы өндіріске ендіру актілері алынды. Сонымен қатар жұмыс нәтижелерін техникалық мамандар дайындауға арналған «Геоақпараттық жүйелер» арнайы курсына қолдануға ұсынылады.

Бисаринова А.Т. белсенді зерттеуші екендігін көрсетті және халықаралық, қазақстандық ғылыми-практикалық конференцияларына қатысып алынған нәтижелерді баяндап талқылады. Диссертациялық зерттеу тақырыбымен жұмыс істеу барысында докторант зерттеу саласында білікті маман екенін, ғылыми мәселелерді қоя отырып оларды теориялық және тәжірибелік зерттеулердің негізінде шеше алатынын дәлелдеді. Докторанттың диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми еңбек болып табылады және PhD философия докторы дәрежесін алу үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптарына сай орындалған. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Бисаринова Айгуль Туктиқызын 6D070300 - Ақпараттық жүйелер мамандығы бойынша философия докторы дәрежесіне лайық деп санаймын.

11.10.2021ж.

Ғылыми кеңесші
техника ғылымдарының кандидаты,
Тұран университетінің доценті



Мамырова А.К.

